

Мұнай-газ тасымалы саласын дамытудың жекелеген мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 2 сәуір N 390

"Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі Заңы 18-бабының 3) тармақшасына сәйкес және Қазақстан Республикасы Президентінің "Ел экономикасының мұнай-газ секторындағы мемлекеттің мүдделерін одан әрі қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы" 2002 жылғы 20 ақпандағы N 811 Жарлығын орындау үшін, сондай-ақ мемлекеттік мүдделерді қорғау, мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, мұнай-газ тасымалы саласында бірыңғай саясатты жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі магистральды мұнай құбырларымен мұнай мен газ тасымалдауға, кейіннен оларды сақтауға және көліктің басқа түрлеріне қотарып құюға байланысты мұнай-газ тасымалы инфрақұрылымы объектілерін жоспарлау, жобалау, салу мәселелері бойынша, сондай-ақ мұнай-газ тасымалы инфрақұрылымының бар объектілерін пайдалану мәселелері бойынша құрылыс қызметі саласында реттеуді және бақылау мен қадағалау функцияларын жүзеге асыруға қатысатын мемлекеттік басқару органы болып айқындалсын.

2. Мемлекеттік реттеуді жүзеге асыру мәселелерін және бақылау мен қадағалау функцияларын қоспағанда, жоғарыда көрсетілген мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі жұмыс органының функциялары "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамына жүктелсін.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай толықтырулар мен өзгеріс енгізілсін:

1) күші жойылды - 2005.02.09 N 124 қаулыларымен.

2) күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.10.28. N 1105 қаулысымен.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.02.09 N 124 ; 2004.10.28. N 1105 қаулыларымен.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары К.Қ.Мәсімовке жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК